



№67 гимназия
«Өзін-өзі басқару»
ҰЙЫМЫ

«РУХАНИЯТ»

бағыты

«ОТАН»

бағыты

«ЗЕРДЕ»

бағыты

«Жас Ұлан»

Республикалық
бірыңғай балалар
мен жасөспірімдер
ұйымының
бағыттары

«ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

бағыты

«ЕҢБЕК»

бағыты

«САЛАУАТ»


бағыты

«ЭКОӘЛЕМ»

бағыты

«РУХАНИЯТ» бағыты

- «Аталар мектебі»
- «Әжелер мектебі»
- «Әкелер мектебі»
- «Аналар мектебі»
- «Ағалар мектебі»
- «Жеңгелер мектебі»



Оқырмандар клубы –
«BOOKWORM» танымдық
бағдарламасы

«ОТАН» бағыты

- «Туған елге тағзым» жобасы

1-4 сынып оқушылары арасында «Батырлар жыры» жатқа оқу челленджі ұйымдастырылды.

7 «Ә» сынып оқушысы Темирхан Томирис қалалық «Отан жолымен» байқауында III орынға ие болды.

«Музейаралық регата» жобасына 7 сыныптар қатысып, Үздік экипаж номинациясын иеленді: жоба барысында ҚР Ұлттық мұражайын, Тұңғыш Президент мұражайын, ҚР Қарулы Күштері мұражайын, Бейбітшілік және келісім сарайын, Сәкен Сейфуллин атындағы мұражады аралап, тарихи құндылығы жоғары экспонаттармен танысты.



«ЗЕРДЕ» бағыты


- «Мен таңдаған жол» жобасы

5-6 сынып оқушылары арасында «Үздік Эрудит» байқауы өткізілді.

Қазақ тілі, математика, тарих пәндерінен бөлек, қазақ халқының салт-дәстүрлері, мәдениеті туралы тақырыптар қозғалды.

7-8 сынып оқушылары арасында «Тапқыр болсаң, тауып көр» мақал-мәтелдер жарысы ұйымдастырылды.

9-11 сынып оқушыларына «Мен таңдаған жол» кәсіби бағдар жобасы жұмыс жүргізіп келеді. Арнайы мамандар мен түрлі мамандық иелері бітіруші түлектердің мамандық таңдауына бағыт-бағдар беруде.



«ЖЕТИ ЖАРҒЫ» бағыты

- «Адал ұрпақ» жобасы
- «Ұшқыр ой» дебат клубы
- «Қыздар клубы» жобасы

«Ұшқыр ой» дебат клубы өз жұмысын жоспарлы түрде даталы күндер мен демалыс күндерінде жүргізіп келеді.

Гимназияда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының жұмыс жоспары бойынша оқушылар арасында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

«Қыздар клубының» жұмысы **қыз** балаға келешекте ана, ақ босағаның аруы екенін насихаттау, халқымыздың әдет-ғұрыпын, салт-дәстүрлерін **қыз** баланың бойына сіңіру мақсатында құрылған.



«ЕҢБЕК» бағыты

- «Қылқалам» үйірмесі
- «Алтын ұрпақ» жобасы

Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында Ұлттық аспаптарда ойнау және халық әндерін айту байқауы ұйымдастырылды. 4 «Ж» сынып оқушысы Даулетхан Дария және 11 «А» сынып оқушысы Хамракулов Қуанышбек жүлделі орындарға ие болды.

«Қылқалам» үйірмесінің қатысушылары да Тұңғыш Президент пен Тәуелсіздік күні мерекесі қарсаңында сурет байқауына қатысып, жүлделі орындарды иемденді.

«Еңбек» бағыты көшбасшылары «Адалдық» қайырымдылық жобасымен бірігіп, 67 гимназияның 4 сынып оқушысы Копбосын Нұрасылдың ем алуына көмектесті.



«САЛАУАТ» бағыты

- «Бес асық» жобасы

«Жас Ұлан» ұйымы «Салауат» бағытының ұйымдастыруымен «Салауатты отбасы» байқауы, шаңғы тебу жарысы, жүгіру марафондары, қазақ күресінен жарыстар ұйымдастырылды.

«Асық ойыны» жарысынан біздің «жасұландықтар» жоғары белестерден көрініп жүр.



«ЭКОӘЛЕМ» бағыты

- «ЭкоАсар» жобасы

Еріктілерден құралған «ЭкоҚолдау» еріктілер тобы:

- Бастауыш сыныптарға экосағаттар өткізді;
- Экомарафон мен Экоквесттерді ұйымдастырды;
- Экосуреттер мен эссе байқауларынан 9 сынып оқушысы Мамытбек Арайлым 1 орынды, 5 сынып оқушылары Қабдеш Нұрқабдеш пен Алпысбай Исатай алғыс хатпен марапатталды.



«English speaking club» жобасы



«English Speaking club» - жоғары сынып оқушылары арасында ағылшын тілінде сөйлеу клубы ұйымдастырылды.

